

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

« 17 » 2020 ж. № 01034000377 хаттама
Ғылыми кеңесінің төрағасы
А.А. Ахмедьяров



6B02173 «МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкалық драма және қуыршақ театр өнері»	6B02173 «Музыкалық театр артисі»	Қазақ топ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	95 грант және ақылы

• **6B02173 «МУЗЫКАЛЬНЫЙ ТЕАТР АРТИСТ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

• **Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:**

«Музыкальный театр артист» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына құжат тапсырғысы келетін талапкерлердің орта немесе арнайы орта (**актерлық өнер, жеке ән салу, хор дирижерлеу мамандықтары бойынша кәсіби колледж**) білімі болуы құпталады. Талапкерлер өзінің өнерге деген дарыны мен қабілетін, табиғи шығармашылық әлеуетін, музыкалық қарым-қабілетін, өлшем-ырғақты қабылдау мүмкіндігін, бейнелі ойлау, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын, дене сымбаттылығын көрсете білуі шарт.

Талапкердің сахналық кескін-келбеті болуы керек. Денсаулығы қуатты физикалық жағынан және ән салу, сөз сөйлеу мәнері тұрғысынан кемшіліктер болмауы тиіс. Дикциясы анық, дыбыстарды таза айта алатын, тістерінің дұрыс орналасуы, әншілік диапазоны кең, дауыс бояуы құлаққа жағымды және қуатты, дене қимыл әрекеттері өте икемді, қиялдау ой жүйесі ширақ, музыкалық қарым-қабілеті жеткілікті, дауысының көлемі бір-бір жарым октавадан кем болмауы керек.

Талапкер құжаттарды тапсыру үшін алдымен арнайы маманның кеңесінен өтіп рұқсатнама (*допуск*) алуы керек.

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - «АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ»

Талапкер әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалардан үзінділерді тек мемлекеттік тілде жатқа оқуы керек

- **Проза** – Қазақ немесе әлемдік жазушылардың қазақ тіліне аударылған роман, повесттерінен үзінді - қара сөз;
- **Поэзия** – Қазақ немесе әлемдік ақындардың қазақ тіліне аударылған өлеңдерін оқу;
- **Мысал өлең** – А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, И.Крылов, А.Токмағамбетов және т.б орыс, батыс еуропа, шығыс ақындарының қазақ тіліне аударылған мысал, қосымша сықақ өлеңдерін оқу;
- **Би** – Әлем халықтарының билері, вальс, спорттық т.б. би түрлерінен және акробатика;
- 1. **Жеке ән** – (*халық әндері мен Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Майра, Нартай, Мұхит т, б халық композиторлары және қазақстан композиторларының әндерін орындау*) сонымен қоса ариялар мен романстар, мюзиклдардан әндер орындау .

2. **Актерлік этюд** – (құстар мен жан-жануарлар әлемі, жансыз заттарды тірілтіу, адам өмірінен үзінді) шынайы сенімді орындау. Талапкерге қимыл координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (реакция), зейін мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты этюд құрастырып, сезім мен сенімін көрсете білуі қажет. Аяқ астынан ойлап табу қабілеті мен ой жүйріктігі тексеріледі.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - «КОЛЛОКВИУМ»

Талапкер қабылдау комиссиясы ұсынған 1-30 аралығындағы бір билетті таңдайды. Билет 3 сұрақ. Бұл кезеңде Қазақстан және әлем театр өнері мен әдебиеті, өнер тарихы бойынша білім деңгейін тексеру мақсатында жан-жақты сұрақтар беріледі. Талапкер барлық сұрақтарға толыққанды, жүйелі түрде жауап беруі тиіс. Сондай-ақ талапкердің шығармашылық ой өрісі, интеллектуалдық деңгейі, дүниетанымы мен эстетикалық талғамы тексеріледі. Ойын жинақтап, жауап беруі үшін 4-6 минут уақыт беріледі. Егер барлық сұраққа жауабы дайын болса бірден жауап беруіне мүмкіндік бар. Комиссияның шешімімен қосымша сұрақтар болуы мүмкін.

ЕСКЕРТІМЕ:

1. Емтихан барысында байланыс құралдарын (мобильді телефон, бейне-камералар, смартфон сағаттар т.б) пайдалануға рұқсат етілмейді.
2. Емтихан кезінде концертмейстер немесе көмекші құралдар (музыка жазылған флешкалар, музыкалық аспаптар т.б) пайдалануға мүмкіндігі бар.
3. Би және акробатикалық элементтерді т.б қимыл-қозғалысқа құрылған тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік ережесін мұқият сақтау қажет.

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші	Бағалау критерийлері I шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші	Бағалау критерийлері II шығармашылық емтихан
------------------------------------	--	------------------------------------	---

<i>I шығармашылық емтихан</i>		<i>II шығармашылық емтихан</i>	
45-50	Талапкер емтихан бағдарламасын толық, сапалы, талапқа сай сенімді, шынайы және өте жоғары деңгейде көрсете білген талапкерге қойылады;	45-50	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға өте жоғары деңгейде толықтай жауап бере алса
40-44	Талапкер емтихан талаптарын актерлық этюдтарды сенімді, шынайы деңгейде орындаса. Мысал өлеңдердегі кейіпкерлердің мінез құлықтарына назар аудармаса	40-44	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алса, өзінің интеллектуалдық деңгейін дүниетанымы мен эстетикалық талғамы көрсете білсе
35-39	Талапкер оқыған шығармасындағы автор ойын толық жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, орындалған әндер мен ариялар кең тынысты қуатты үнмен орындалса	35-39	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 80% толықтай жауап бере алса, сондай ақ қосымша қойылған сұрақтарға кең көлемде жауап берсе
30-34	Талапкер оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, әндер мен ариялар орындау барысында қобалжулар болса	30-34	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
25-29	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, шығарманы оқу барысында жаңылулар болса, орындаған актерлік этюдтарында	25-29	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтардың 60% -на орташа деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша

			бойынша білім деңгейі дүниетанымы төмен болса
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: theatrical_fka@mail.ru
Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Туленбаев Жанкалдыбек Муфтиович

